

Дәріс тақырыбы:
Туристерді орналастыру
орындарының стандарттық
классификациясы



Қонақүй қызметін тұтынушылармен жұмыс іс-әрекеті бірнеше кезеңнен тұрады:



Орналастыру орындары – туристер тұру үшін және оларға қызмет көрсету үшін пайдалынатын қонақ үйлер, мотелдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжай үйлер, демалыс үйлер, пансионаттар және басқа да ғимараттар мен құрылыстар.



Орналастыру
орындары



Жеке
(пәтерлер,
үйлер, жалға
беретін
коттедждер
және т.б)



Ұжымдық
(қонақүйлер,
мотельдер,
пансионаттар,
ботельдер,
кемпингтер
және т.б)



Орналастыру орындағы нөмір – туристердің уақытша тұруына қажетті жиһазы, жабдықтары және мүліктері бар бір немесе бірнеше бөлме;
Нөмірлі қор – орналастыру орындары нөмірлерінің жалпы саны.

Нөмірлі қордың бірнеше түрі бар:

- 1.Сюит
- 2.Апартамент
- 3.Люкс
- 4.Студия



Сюит – ауданы 75 шаршы метр кем емес, 3 және одан да көп бөлмеден тұратын стандартты емес екі адамдық кереуеті және қосымша қонақтарға арналған дәретханасы бар орналастыру орындағы нөмір.



Апартамент – ауданы 40 м кем емес, екі және оданда көп тұрғын бөлмеден тұратын ас үйдің жабдықтары бар орналастыру орынындағы нөмір. (қонақ бөлме, ас бөлме, жатын бөлме).




Люкс – ауданы 35 м кем емес, екі тұрғын бөлмеден тұратын 1-2 адамның тұруына арналған орналастыру орынындағы нөмір.(қонақ бөлмесі, жатын бөлмесі)



Студия – ауданы 25м кем емес, 1-2 адам тұруына арналған, бөлменің бөлігін қонақ бөлме, ас бөлмесі, жұмыс бөлмесі ретінде пайдалануға мүмкіндік беруге жобаланған орналастыру орынындағы бір бөлмелі нөмір.



Қонақ үйдің жұлдыздық жүйелері



1 – жұлдызды

- * Ғимарат ескі;
- * Бөлмелерінде терезе ашылмайды;
- * 1-2 қабатты;
- * Ортақ коридор;
- * Бөлмелері жиһаздалмаған;
- * Асхана бөлек ғимаратта;
- * Төсек орыны 12 күнде 1 рет ауыстырылады;
- * Күзеті жоқ.



2 жұлдызды

- * Ғимарат бетон немесе кірпіштен салынған;
- * 1-3 қабатты;
- * Терезелері ашылады;
- * Жүк тасуға арналған лифті бар;
- * Жиһаздары стандартқа сай емес;
- * Төсек аптасына 2 рет ауыстырылады;
- * Стол, орындықтар, тоңазтқыштар, телевизор, телефон жүйелері бар;
- * Асхана бөлек ғимаратта;
- * Кезекшілік жүргізіледі.



3- жұлдызды

- * 2-7 қабатты;
- * Холы үлкен;
- * Жылдам лифті (адам және жүк таситын);
- * Қонақ үйдің сыртына аты жазылады;
- * Бөлмелер жиһазбен жабдықталған;
- * Телевизор, кондиционер, тоңазытқыш, радиоаппаратура және т.б бар;
- * Төсек орын күнделікті ауыстырылып отырады;
- * Туристердің жеке, құнды заттарына арналған сейфтер ұсынылады;
- * Тәулік бойғы күзет жүргізіледі.



4-жұлдызды

- * Сыртында қонақүйдің аты жазылады және демешілердің жарнамасы болады;
- * 17 қабатқа дейін болуы мүмкін;
- * Жылдам лифті бар;
- * Холы үлкен;
- * Кешкі мейрамхана, кафе, түнгі бар бар;
- * Лоджиялар мен бассейндер бар;
- * Төсек орын күнделікті ауыстырылады;
- * Тәулік бойы кезекшілік болады;
- * Буклеттер, визиткалар тегін таратылады.



5-жұлдызды

- * Ғимарт заман талабына сай, көп қабатты;
- * Кіре-беріс есігінде швейцар тұрады;
- * Көліктер тұратын орындар болады;
- * Нөмірлер қымбат жиһазбен жабдықталған;
- * Тоңазтқыштар, кондиционер, телефон, сейфтер бар;
- * 2 концерттік зал бар;
- * Теннис корты, бильярд, гольф алаңдары бар.



Назарларыңызға рахмет!



